

Х.Т. Аманкулов¹, Н.Е. Кайрбеков^{1*}, Н.Т. Утпинов²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан;

²Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан
(E-mail: xaseke74@mail.ru; nurlan.kairbekov@mail.ru; iskanderovkz@gmail.com)

Ұбайдулла ибн Масғуд: тұлғасы, ілімі және «эт-Таузих фи халли ғауамид эт-Танқиһ» еңбегінің фикһ ғылымындағы рөлі

Мақалада XIV ғасырдағы Орта Азия мұсылман ойшылдығының көрнекті өкілі, ханафи құқық мектебінің беделді ғалымы Садр аш-Шариға ас-Сағир – Ұбайдулла ибн Масғуд әл-Махбуби әл-Бухаридің философиялық және құқықтық мұрасы зерттеледі. Зерттеудің негізгі мақсаты — ғалымның ислам құқық философиясы мен усул әл-фикһ ғылымының дамуына қосқан үлесін айқындау, әсіресе оның «Эт-Таузих фи халли ғауамид эт-Танқиһ» еңбегіндегі рационалдық-логикалық әдістердің мазмұнын талдау. Мақалада Садр аш-Шариғаның ғылыми дүниетанымы исламдық құқықтық ой, қалам ілімі және рационалды философияның өзара байланысы негізінде қарастырылады. Зерттеу барысында ғалымның өмір сүрген тарихи-мәдени ортасы, оның ғылыми мектебі, ұстаздары мен шәкірттері туралы мәліметтер беріліп, оның еңбектеріндегі логика, қалам, таным теориясы және құқықтық методология мәселелері талданды. Әсіресе «Эт-Танқиһ» пен «Эт-Таузих» шығармаларында логика элементтері, дәлелдеу тәсілдері, ұғымдарды жүйелеу және рационалдық талдау әдістері кеңінен қолданылғаны анықталады. Ғалым құқықтық мәселелерді түсіндіруде қисындық ойлау жүйесіне сүйеніп, құқықтық дәлелдердің құрылымын философиялық тұрғыдан негіздеуге ұмтылған. Сонымен қатар мақалада Садр аш-Шариғаның қалам ғылымымен байланысы да зерделенген. Оның еңбектерінде ақыл мен уахи арақатынасы, шариғи үкімдердің танымдық негіздері, адам әрекетінің еркіндігі мен жауапкершілігі сияқты исламдық теологиялық-философиялық мәселелер көрініс тапқаны көрсетіледі. Ғалым шариғи мәтіндерді түсіндіруде ақыл мен нақылдың үйлесіміне ерекше мән беріп, ислам құқық теориясында рационализмнің дамуына ықпал еткен. Бұл оның ғылыми мұрасында құқық философиясы мен исламдық рационалды ойлау дәстүрінің сабақтастығын айқын көрсетеді. Зерттеу нәтижесінде «Эт-Таузих» еңбегінің усул әл-фикһ ғылымындағы маңызды теориялық әр философиялық шығармалардың бірі екені анықталды. Еңбек ислам құқықтық ойындағы логикалық талдау мәдениетінің дамуына, құқықтық мәтіндерді интерпретациялау әдістерінің жетілуіне, қаламдық және рационалистік әдістердің құқық теориясына енуіне елеулі ықпал еткен ғылыми мұра ретінде бағаланады.

Кілт сөздер: ислам құқық философиясы, ханафи мәзһабы, усул әл-фикһ, Садр аш-Шариға, эт-Танқиһ, эт-Таузих, ислам құқықтық теориясы, медреселік білім, ханафи құқықтық мектебі.

Kipicne

Ислам құқықтық жүйесінің қалыптасуы мен дамуы мұсылман өркениетінің ғылыми-интеллектуалдық тарихында ерекше орын алады. Бұл жүйенің негізгі тіректерінің бірі — имам Әбу Ханифа негізін қалаған ханафи құқықтық мектебі. Ханафи мәзһабы ислам әлемінің кең аумағына таралып, Орта Азия, Түркістан, Иран, Үндістан және Осман мемлекеті сияқты аймақтардағы мұсылман қоғамдарының құқықтық және әлеуметтік өмірінде маңызды рөл атқарды. Аталған құқықтық мектептің ерекшелігі — шариғат мәтіндерін терең талдау, қияс пен ижтиһадты жүйелі қолдану, сондай-ақ рационалдық және нақли дәлелдерді үйлестіре отырып құқықтық мәселелерді шешуінде көрінеді.

Ханафи құқықтық дәстүрінің қалыптасуы мен дамуына көптеген көрнекті ғалымдар үлес қосты. Солардың қатарында XIV ғасырда өмір сүрген белгілі ханафи-матуриди ғалымы, факиһ және усулші Садр аш-Шариға ас-Сағир ерекше орын алады.

Садр аш-Шариға ас-Сағир (қ.б. 747 h./1346 ж.) — ірі ғалымдар әулетінде дүниеге келген көрнекті тұлға. Ол фикһ, усул әл-фикһ, қалам, логика (мантық), араб тілі мен әдебиеті сияқты түрлі ғылым салаларын терең меңгерген. Ғалымның толық аты — Ұбайдулла ибн Масғуд ибн Махмуд ибн Ахмад әл-Махбуби әл-Бухари. Ғылыми әдебиетте ол «Садр аш-Шариға әс-Сани» немесе «Садр аш-Шариға ас-Сағир» деген атаулармен белгілі.

* Хат-хабарға арналған автор. E-mail: nurlan.kairbekov@mail.ru

Ұбайдулла ибн Масғудтың ғылыми мұрасы ислам құқықтық теориясының дамуына елеулі ықпал етті. Оның еңбектерінің ішінде усул әл-фиqh саласына арналған «әт-Танқих фи усул әл-фиqh», осы еңбекке жазылған «әт-Таузих фи халли ғавамид әт-Танқих», сондай-ақ фиqh ғылымына қатысты «Шарх әл-Уикая» және «ән-Нуқая» шығармалары ерекше танымал. Әсіресе «әт-Таузих» еңбегі усул әл-фиqh ғылымындағы күрделі теориялық мәселелерді жүйелі түрде түсіндіруімен ерекшеленеді. Бұл шығармада автор Фахруддин ар-Рази, Ибн әл-Хажиб және Әли әл-Бәздауи еңбектеріндегі теориялық тұжырымдарды талдап, ханафи құқықтық әдіснамасының дамуына үлес қосқан. Кейін бұл еңбекке Сағдуддин әт-Тафтазани «әт-Тәлуих» атты түсіндірме жазып, ол ислам медреселерінде кеңінен оқытылатын негізгі еңбектердің біріне айналды [1; 4/197].

Қазіргі кезеңде ислам құқықтық мұрасын қайта зерделеу, классикалық ғалымдардың ғылыми әдістерін талдау және олардың еңбектерінің құқықтық ойдың қалыптасуына ықпалын анықтау өзекті ғылыми мәселелердің бірі. Осы тұрғыдан алғанда Ұбайдулла ибн Масғудтың ғылыми мұрасын, әсіресе «әт-Таузих» еңбегін зерттеу ислам құқықтық теориясының дамуын және ханафи мәзһабының ғылыми дәстүрін терең түсінуге мүмкіндік береді.

Осы зерттеудің мақсаты — Ұбайдулла ибн Масғудтың ғылыми тұлғасын, оның еңбектерін және «әт-Таузих фи халли ғавамид әт-Танқих» шығармасының фиqh ғылымындағы орнын кешенді түрде талдау.

Зерттеу мақсатына жету үшін төмендегідей міндеттер қойылды:

- ғалымның өмірбаянын, ғылыми ортасын және шәкірттерін қарастыру;
- оның негізгі еңбектерін жүйелеп, ғылыми мұрасын талдау;
- «әт-Таузих» еңбегінің мазмұны мен құрылымын зерттеу;
- Садр аш-Шариғаның ғылыми мұрасының ислам құқықтық ғылымындағы маңызын анықтау.

Зерттеу материалдары және әдістері

Ұбайдулла ибн Масғуд әл-Махбуби тұлғасы мен оның ғылыми мұрасын зерттеу ислам құқықтық ғылымының тарихындағы маңызды бағыттардың бірі. Әсіресе оның усул әл-фиqh саласындағы еңбектері — «әт-Танқих» және «әт-Таузих» — бірнеше ғасыр бойы медреселік білім беру жүйесінде кеңінен қолданылып, ислам құқықтық теориясының қалыптасуына елеулі ықпал етті. Осыған байланысты ғалым туралы мәліметтер классикалық биографиялық еңбектерде, библиографиялық каталогтарда және қазіргі заманғы ғылыми зерттеулерде кеңінен кездеседі. Бұл бөлімде Садр аш-Шариға туралы негізгі дереккөздер мен зерттеулерге қысқаша талдау жасалады.

Садр аш-Шариға туралы негізгі мәліметтер классикалық ислам биографиялық және библиографиялық әдебиеттерінде сақталған. Солардың ішінде маңызды дереккөздердің бірі — Хайр әд-Дин әз-Зирикли құрастырған «әл-Ағлам» атты биографиялық сөздік. Бұл еңбекте ғалымның өмірбаяны, ғылыми қызметі және негізгі еңбектері туралы қысқаша мәліметтер берілген. Автор Садр аш-Шариғаны ханафи-матуриди ғылыми дәстүрінің көрнекті өкілі ретінде сипаттап, оның фиqh, усул әл-фиqh, логика және кәләм салаларындағы еңбектерін атап өтеді. Сонымен қатар бұл дереккөзде ғалымның қайтыс болған жылы (747 h./1346 ж.) және оның ғылыми қызметінің Бұхара өңірімен байланысы көрсетіледі.

Ғалым еңбектері туралы библиографиялық мәліметтер Хажі Халифа (Кятиб Челеби) жазған «Кашф әз-зунун ‘ан асами әл-кутуб уә әл-фунун» еңбегінде де кездеседі. Бұл еңбек ислам әлемінде жазылған кітаптардың атаулары мен авторларын қамтитын кең көлемді библиографиялық каталог. Аталған еңбекте Садр аш-Шариғаның «әт-Танқих», «әт-Таузих», «Шарх әл-Уикая», «ән-Нуқая» және «Таъдил әл-улум» сияқты шығармалары туралы мәліметтер келтірілген. Бұл дереккөз ғалым еңбектерінің ислам ғылымында кең таралғанын және медреселік білім беру жүйесінде пайдаланылғанын көрсетеді [2; 1/498].

Садр аш-Шариға туралы маңызды мәліметтер ханафи ғалымдарының өмірбаянына арналған еңбектерде де кездеседі. Солардың бірі — үндістандық ғалым Абдулхай әл-Лакнауи жазған «Фәуaid әл-бахийа фи тараджим әл-ханафия» еңбегі. Бұл кітапта ханафи мәзһабының көрнекті өкілдерінің өмірбаяндары мен ғылыми мұралары жүйелі түрде баяндалған. Садр аш-Шариға туралы бөлімде оның шыққан тегі, ұстаздары, шәкірттері және ғылыми қызметі туралы мәліметтер келтіріледі. Сонымен қатар автор ғалымның «Шарх әл-Уикая» және «әт-Танқих» сияқты еңбектерінің ханафи құқықтық дәстүріндегі маңызын атап көрсетеді.

Ғалымның шығармалары туралы деректер әртүрлі қолжазба каталогтарында да кездеседі. Мысалы, оның «Таъдил әл-улум» атты еңбегінің қолжазбалары Түркиядағы Сүлеймания

кітапханасының қорында және басқа да Шығыс қолжазба орталықтарында сақталған. Бұл қолжазбалар Садр аш-Шариғаның тек құқықтық ғылымдарда ғана емес, логика, кәләм және басқа да рационалдық ғылымдарда да терең білімге ие болғанын көрсетеді.

Садр аш-Шариғаның ғылыми мұрасы қазіргі исламтану және құқық тарихы саласындағы зерттеулерде де назар аударылған тақырыптардың бірі. Түрік, араб және батыс зерттеушілері оның еңбектерін ислам құқықтық теориясының дамуы тұрғысынан қарастырған.

Түрік ғылыми әдебиетінде Садр аш-Шариға туралы мәліметтер Түркия Дін істері басқармасы Ислам академиясында кеңінен берілген. Бұл энциклопедиялық мақалада ғалымның өмірі, ғылыми қызметі және негізгі еңбектері жүйелі түрде сипатталады. Сонымен қатар онда «әт-Танқих» еңбегінің усул әл-фикһ ғылымында ханафи және мутакаллимин әдістерін үйлестіру арқылы жаңа ғылыми тәсіл қалыптастырғаны атап көрсетіледі [3; 35/122-130].

Қазіргі зерттеушілер Садр аш-Шариғаның еңбектерін ислам құқықтық теориясының эволюциясы тұрғысынан талдайды. Әсіресе «әт-Танқих» пен «әт-Таузих» шығармаларының құқықтық әдіснаманы жүйелеудегі рөліне ерекше назар аударылады. Бұл еңбектерде автор бұрынғы ғалымдардың көзқарастарын салыстырып, құқықтық дәлелдер мен теориялық қағидаларды жүйелі түрде талдайды. Мұндай әдіс ислам құқықтық ойының дамуына елеулі ықпал еткен.

Айта кету керек, бүгінгі зерттеулерде Садр аш-Шариғаның еңбектері медреселік білім беру жүйесінде ұзақ уақыт негізгі оқулықтардың бірі болғаны атап көрсетіледі. Мысалы, «әт-Танқих» және «әт-Таузих» еңбектері Осман мемлекеті медреселерінде усул әл-фикһ пәнінің негізгі мәтіндерінің қатарында оқытылған. Кейін бұл еңбектерге көптеген түсіндірмелер мен хашиялар жазылған. Солардың ішіндегі ең танымалдарының бірі — Сағдуддин әт-Тафтазани жазған «әт-Тәлуих» түсіндірмесі [4; 8-50].

Садр аш-Шариға XIV ғасырдағы ислам ғылымының көрнекті өкілдерінің бірі. Оның ғылыми қызметі моңғол шапқыншылығынан кейінгі кезеңдегі Орта Азиядағы ғылыми орталардың қайта қалыптасуымен тығыз байланысты.

Ғалым шамамен XIII ғасырдың соңында дүниеге келген және алғашқы білімін отбасылық ғылыми ортада алған. Оның атасы Тәж аш-Шариға Махмуд ханафи фикһының маңызды еңбектерінің бірі саналатын «әл-Уикая» шығармасының авторы болған. Бұл еңбек кейін Садр аш-Шариға тарапынан түсіндіріліп, «Шарх әл-Уикая» атты кең түсіндірме ретінде белгілі болды. Сонымен бірге ғалым осы еңбектің қысқаша нұсқасын «ән-Нукая» атты шығармада жүйелеген.

Усул әл-фикһ саласында оның ең маңызды еңбектердің бірі — «әт-Танқих». Бұл кітапта ислам құқықтық теориясының негізгі мәселелері қысқа әрі жүйелі түрде баяндалған. Кейін автор осы еңбегіне «әт-Таузих» атты түсіндірме жазып, онда теориялық мәселелерді кеңінен талдаған. Бұл еңбектер кейінгі ғасырларда медреселерде кеңінен оқытылып, көптеген түсіндірмелердің жазылуына негіз болды.

Садр аш-Шариға туралы деректерді талдау барысында классикалық және қазіргі зерттеулердің зерттеу тәсілдерінде белгілі бір айырмашылықтар байқалады. Классикалық дереккөздерде ғалымның өмірбаяны мен еңбектерінің тізімі қысқаша сипатта беріліп, тарихи мәліметтерді сақтауға басымдық беріледі.

Ал қазіргі ғылыми зерттеулерде ғалымның еңбектері мазмұндық және әдіснамалық тұрғыдан тереңірек талданады. Мұнда мәтінтанулық зерттеу тәсілдері қолданылып, қолжазба нұсқалары салыстырылады және олардың тарихи таралуы қарастырылады.

Классикалық дереккөздер Садр аш-Шариғаның өмірі мен шығармалары туралы негізгі тарихи ақпаратты қамтамасыз етсе, қазіргі ғылыми зерттеулер оның еңбектерінің теориялық маңызын және ислам құқықтық ойының дамуына ықпалын жан-жақты түсіндіруге мүмкіндік береді. Сондықтан ғалым мұрасын кешенді түрде зерттеу үшін классикалық және заманауи әдебиеттерді бірге қарастыру маңызды.

Ғалымның өмірбаяны мен ғылыми тұлғасы

Ханафи құқықтық мектебінің көрнекті өкілдерінің бірі — Ұбайдулла ибн Масғуд әл-Махбуби (Садр аш-Шариға ас-Сағир) XIV ғасырдағы Орта Азия ислам ғылымының ірі тұлғаларының қатарынан орын алады. Оның шыққан тегі Бұхара аймағымен тығыз байланысты болғандықтан, дереккөздерде «әл-Бухари» нисбасымен де аталады.

Садр аш-Шариғаның ғылыми қалыптасуына оның отбасылық ортасы айрықша ықпал етті. Ол ғылым мен дін ілімінде танылған ғұламалар әулетінде дүниеге келген. Әкесі Масғуд ибн Махмуд әл-

Махбуби де белгілі ғалымдардың бірі болған және ұлының алғашқы ұстазы ретінде танылған. Ал атасы Махмуд ибн Ахмад әл-Махбуби (Тәж аш-Шариға) ханафи фикһының көрнекті өкілдерінің бірі әрі «әл-Уикая» атты әйгілі еңбектің авторы ретінде белгілі. Бұл шығарма кейінгі кезеңдерде ханафи құқықтық мектебінің негізгі оқу кітаптарының біріне айналып, медреселерде кеңінен оқытылған.

Осындай ғылыми дәстүр қалыптасқан отбасында тәрбиеленген Ұбайдулла ибн Масғуд жас кезінен бастап фикһ, усул әл-фикһ, кәлам, логика және араб тіл білімін жүйелі түрде меңгеруге мүмкіндік алды. Ғалымның білім алу үдерісінде отбасылық ұстаздық дәстүр ерекше рөл атқарды. Әсіресе әкесі мен атасының ғылыми мұрасы оның құқықтық ойлау жүйесінің қалыптасуына және ғылыми бағыттарының айқындалуына елеулі ықпал етті.

XIV ғасырдағы Орта Азия (Мауарауннахр) интеллектуалды ортасы тек қана фикһ (ислам құқықтану ілімі) емес, сонымен қатар кәлам (теология) мен философияның синтезімен ерекшеленеді. Ұбайдулла ибн Масғуд (Садр аш-Шариға) тек заңгер емес, терең ойшыл ретінде танылды.

Садр аш-Шариға өмір сүрген кезеңде ислам әлемінде «Мутааххирин» (кейінгі буын) дәуірі жүріп жатты. Бұл кезеңнің басты ерекшелігі фикһ пен кәләмнің грек логикасымен (мантық) және философиясымен бірігуі болды.

Орта ғасырларда Бұхара қаласы ислам ғылымының ірі орталықтарының бірі ретінде танылған. Дәл осы ғылыми ортада дүниеге келген Ұбайдулла ибн Масғуд алғашқы білімін Бұхара медреселерінде алды. Аталған оқу орындары сол кезеңде ханафи фикһының дамуына ерекше үлес қосқан ғылыми орталықтардың қатарында болды.

Кейбір тарихи деректерге сәйкес, ғалым өмірінің белгілі бір кезеңінде Кирман аймағына қоныс аударған. Бұл көшу сол дәуірдегі саяси және әлеуметтік жағдайлармен байланысты болуы мүмкін. Кирманда өмір сүрген уақытында Садр аш-Шариға ғылыми қызметін жалғастырып, шәкірт тәрбиелеумен және ғылыми еңбектер жазумен айналысқан.

Ғалымның негізгі қызметінің бірі медреселік білім беру жүйесінде дәріс беру болды. Оның дәрістеріне көптеген шәкірттер қатысып, ислам құқықтық ғылымының күрделі мәселелерін меңгерді. Ұбайдулла ибн Масғуд фикһ ғылымымен қатар логика, философия және кәлам салаларында да терең білім иесі ретінде танылды. Мұндай жан-жақты ғылыми дайындық оның еңбектерінің теориялық деңгейінің жоғары болуына ықпал етті.

Садр аш-Шариға ас-Сағир ислам құқықтық теориясы мен кәлам ғылымының дамуына елеулі үлес қосқан ғалымдардың бірі еді. Ол Әбу Ханифа ән-Нуғман негізін қалаған ханафи құқықтық мектебінің ғылыми дәстүрін жалғастырып қана қоймай, оны теориялық тұрғыдан дамытуға да үлес қосты.

Ғалым сенім мәселелерінде Әбу Мансур әл-Матуриди негізін қалаған матуриди ақида мектебінің өкілі болды. Ханафи құқықтық әдіснамасы мен матуриди сенім мектебінің теориялық қағидалары оның ғылыми көзқарасының негізін құрады.

Садр аш-Шариғаның усул әл-фикһ саласындағы еңбектері ислам құқықтық теориясының жүйеленуіне айтарлықтай ықпал етті. Оның «әт-Танқиһ» және «әт-Таузиһ» еңбектері бірнеше ғасыр бойы медреселік білім беру жүйесінде усул әл-фикһ пәнінің негізгі оқу мәтіндерінің қатарында қолданылды. Бұл еңбектерде ғалым құқықтық дәлелдер, қияс, ижтиһад және шариғи үкімдердің негіздері сияқты күрделі теориялық мәселелерді жүйелі түрде талдаған.

Садр аш-Шариға философиялық терминдер мен логикалық әдістерді исламдық қағидаларды негіздеу үшін кеңінен қолданды. Ол Ханафи-Матуриди мектебінің өкілі ретінде ақыл (рацио) мен нақыл (уахи) арасындағы тепе-теңдікті философиялық деңгейде қорғай білді.

Ұбайдулла ибн Масғуд әл-Махбубидің ғылыми қызметінің маңызды бағыттарының бірі — шәкірт тәрбиелеу. Оның дәрістеріне көптеген талапкерлер қатысып, кейін ислам ғылымының түрлі салаларында танымал ғалымдарға айналды.

Ғалымның шәкірттері арасында Мұхаммед ибн Мубаракшах әл-Мантиқи сияқты белгілі тұлғалар аталады. Бұл шәкірттер өз кезегінде ұстазының ғылыми дәстүрін жалғастырып, фикһ, логика және басқа да ғылым салаларында еңбектер жазды.

Садр аш-Шариғаның шәкірттері арқылы оның ғылыми мектебі кейінгі ғасырларда да өз ықпалын сақтап қалды. Медреселік білім беру жүйесінде оның еңбектері кеңінен оқытылып, ислам құқықтық теориясының дамуына әсер етті. Осылайша Садр аш-Шариға ас-Сағир тек жеке ғалым ретінде ғана емес, тұтас ғылыми дәстүрдің қалыптасуына ықпал еткен ұстаз әрі ойшыл ретінде ислам ғылымының тарихында ерекше орын алады [5; 1-35].

Негізгі еңбектер мен олардың сипаттамасы

Орта ғасырлардағы ислам ғылымының дамуына елеулі үлес қосқан ғалымдардың бірі — Ұбайдулла ибн Масғуд әл-Махбуби (Садр аш-Шариға ас-Сағир). Ол фикһ, усул әл-фикһ, кәлам, логика және тіл білімі сияқты бірнеше ғылым саласында еңбек жазған энциклопедист ғалымдардың қатарына жатады. Оның ғылыми мұрасы ислам құқықтық теориясының қалыптасуы мен дамуына айтарлықтай ықпал етті. Әсіресе усул әл-фикһ саласындағы еңбектері ханафи құқықтық мектебінің теориялық негіздерін жүйелеуде маңызды рөл атқарды.

Ұбайдулла ибн Масғудтың философиялық қыры, әсіресе «Әт-Таузих» еңбегінде және табиғи ғылымдар мен метафизикаға арналған «Тағдил әл-Улум» (Ғылымдарды түзету) атты шығармасында айқын көрінеді. Атап айтқанда:

а) гносеология (таным теориясы)

Садр аш-Шариға білім алудың жолдары ретінде сезім мүшелері мен хабардан бөлек, ақылдың (ғакл) рөлін жоғары қойды. Ол логикалық категорияларды құқық теориясына енгізе отырып, «абстрактілі ұғымдар» мен «нақты шындық» арасындағы байланысты талдады.

ә) құқық философиясы (мақасид)

Оның көзқарасы бойынша, шариғат үкімдері тек бұйрық емес, олардың астарында «хикмет» (даналық) пен қоғамдық пайда жатыр. Ол құқықтық нормаларды логикалық жүйеге келтіру арқылы «құқық философиясының» негізін нығайтты.

б) метафизика және табиғат философиясы

Ғалым сол кездегі астрономия мен физика мәселелеріне де атсалысты. Ол Фахруддин ар-Рази секілді ойшылдардың кейбір философиялық тұжырымдарына сын көзбен қарап, исламдық космологияны логикалық тұрғыдан негіздеуге тырысты.

«Әт-Танких» (усул әл-фикһ) — Садр аш-Шариға ас-Сағирдің усул әл-фикһ ғылымына арналған негізгі еңбектерінің бірі. Бұл шығарма ислам құқықтық теориясының басты қағидаларын жүйелі түрде баяндауға арналған ықшам әрі мазмұны терең ғылыми еңбек ретінде танылған.

Еңбектің негізгі мақсаты — усул әл-фикһ ғылымындағы негізгі ұғымдар мен қағидаларды қысқа әрі жүйелі түрде баяндау. Автор бұл еңбекте құқықтық дәлелдердің түрлері, шариғи үкімдердің жіктелуі, қияс, ижма, ижтиһад сияқты құқықтық әдіснаманың маңызды мәселелерін қарастырады.

Кітаптың құрылымы логикалық тұрғыдан жүйеленіп, усул ғылымының негізгі бөлімдерін қамтиды. Ғалым күрделі теориялық мәселелерді ықшам анықтамалар мен қағидалар арқылы түсіндіріп, оларды ғылыми тұрғыдан жүйелеуге ұмтылады. Осы ерекшелігінің арқасында «әт-Танких» кейінгі ғасырларда медреселерде усул әл-фикһ пәнін оқытуда негізгі оқу мәтіндерінің бірі ретінде кеңінен қолданылған.

Садр аш-Шариға бұл еңбегін жазу барысында өзіне дейінгі ірі ғалымдардың ғылыми мұрасына сүйенген. Атап айтқанда, Әли әл-Бәздауи, Фахр әд-Дин ар-Рази және Ибн әл-Хажиб еңбектері оның зерттеуінде маңызды орын алады. Әл-Бәздауидің усул әл-фикһ саласындағы еңбектері ханафи құқықтық мектебінің классикалық әдіснамасын көрсетсе, ар-Рази мен Ибн әл-Хажиб еңбектері логикалық және философиялық тәсілдерді қолдануымен ерекшеленеді. Садр аш-Шариға осы ғылыми дәстүрлерді үйлестіре отырып, ханафи құқықтық теориясын жаңа деңгейде жүйелеуге талпыныс жасаған.

Осы тұрғыдан алғанда «әт-Танких» еңбегін классикалық ханафи усул мектебі мен кейінгі логикалық-теориялық бағыттың синтезі ретінде бағалауға болады.

Ғалым бұл еңбегіне өзі арнайы түсіндірме жазып, оны «әт-Таузих фи халли ғавамид әт-Танких» деп атаған. Бұл шығармада автор «әт-Танкихтағы» қысқа тұжырымдарды кеңінен түсіндіріп, күрделі теориялық мәселелерді жан-жақты талдайды.

Кейін бұл еңбекке атақты ғалым Сағдуддин әт-Тафтазани «әт-Тәлуих» атты түсіндірме жазған. Тафтазанидің бұл еңбегі «әт-Таузихқа» арналған терең ғылыми талдау болып саналады және ислам медреселерінде ұзақ уақыт бойы усул әл-фикһ пәнінің негізгі оқу құралдарының бірі ретінде қолданылған.

«Шархул-Уикая» және «ән-Нуқая» Садр аш-Шариға ас-Сағирдің атасы Махмуд ибн Ахмад әл-Махбуби (Бурһануш-шария) жазған «әл-Уикая» атты әйгілі фикһ кітабына арналған түсіндірме. «Әл-Уикая» — ханафи мәзһабының практикалық фикһ мәселелерін қамтитын маңызды еңбектердің бірі. Бұл кітап ұзақ уақыт бойы медреселерде фикһ пәнін оқытуда негізгі оқу мәтіндерінің қатарында қолданылған.

Садр аш-Шариға «Шарх әл-Уиқая» еңбегінде атасының шығармасын түсіндіре отырып, ондағы құқықтық мәселелерді кеңінен талдайды. Ғалым фикһ мәселелерінің дәлелдерін, құқықтық қағидаларын және ханафи мазһабы ғалымдарының пікірлерін жүйелі түрде баяндап береді.

Сонымен қатар ол «ән-Нуқая» атты ықшам еңбекті жазып, «әл-Уиқаяда» қарастырылған негізгі құқықтық мәселелерді қысқаша түрде жинақтаған. Бұл кітап оқу процесінде қолдануға ыңғайлы ықшам нұсқа ретінде танылған.

Садр аш-Шариғаның бұл еңбектері ханафи фикһының жүйелі түрде түсіндірілуіне елеулі үлес қосты. Оның ғылыми тәсілі құқықтық мәселелерді тек мазһаб шеңберінде ғана емес, кең ғылыми және әдіснамалық тұрғыдан қарастыруымен ерекшеленеді. Осы себепті «Шарх әл-Уиқая» еңбегі кейінгі кезеңде көптеген ғалымдардың назарын аударып, оған түрлі түсіндірмелер мен хашиялар жазылған [6; 45-52].

«Әт-Таузих» еңбегінің мазмұны және құрылымы

Ислам құқықтық теориясының тарихында ерекше орын алатын шығармалардың бірі — «әт-Таузих фи халли ғавамид әт-Танқих». Бұл еңбек XIV ғасырдағы көрнекті ғалым Ұбайдулла ибн Масғуд әл-Махбуби (Садр аш-Шариға ас-Сағир) тарапынан жазылған және усул әл-фикһ ғылымындағы маңызды теориялық еңбектердің бірі ретінде танылған.

«Әт-Таузих» — автордың өзіне тиесілі «әт-Танқих фи усул әл-фикһ» атты еңбегіне жазылған кең түсіндірме. «Әт-Танқих» ықшам әрі жинақы мәтін ретінде жазылғандықтан, онда көптеген теориялық мәселелер қысқа түрде берілген. Осыған байланысты Садр аш-Шариға «әт-Таузих» еңбегінде сол тұжырымдарды кеңінен талдап, құқықтық теорияның күрделі мәселелерін жан-жақты түсіндіруге ұмтылған.

Кейін бұл еңбекке белгілі ғалым Сағдуддин әт-Тафтазани «әт-Тәлуих» атты түсіндірме жазып, оны усул әл-фикһ ғылымындағы беделді ғылыми шығармалардың біріне айналдырды. Нәтижесінде «әт-Танқих», «әт-Таузих» және «әт-Тәлуих» еңбектері ұзақ уақыт бойы ислам медреселерінде усул әл-фикһ пәнінің негізгі оқу мәтіндері ретінде қолданылып келген [7; 1-25].

«Әт-Таузих» — усул әл-фикһ ғылымының негізгі мәселелерін терең талдайтын теориялық еңбек. Кітапта ислам құқықтық жүйесінің әдіснамалық негіздері қарастырылып, құқықтық дәлелдердің түрлері, шариғи үкімдердің жіктелуі және ижтиһад мәселелері жан-жақты түсіндіріледі.

Еңбекте қарастырылатын негізгі тақырыптар қатарында:

- шариғи үкімдердің мәні мен түрлері;
- Құран мен сүннеттің құқықтық дәлел ретіндегі орны;
- ижма және қияс мәселелері;
- тілдік дәлелдер және мәтінді түсіндіру әдістері;
- құқықтық қағидалар мен олардың мақсаттары.

Автор әрбір мәселені ғылыми-логикалық жүйемен талдап, құқықтық теорияның негізгі ұғымдарын түсіндіреді. Бұл тұрғыда ол ханафи құқықтық мектебінің дәстүрлі әдіснамасын сақтай отырып, логика және философия ғылымдарының талдау тәсілдерін де қолданады.

Садр аш-Шариға өз зерттеуінде Әли әл-Бәздауи, Фахр әд-Дин ар-Рази және Ибн әл-Хажиб еңбектеріндегі теориялық мәселелерге талдау жасап, оларды ханафи құқықтық дәстүрімен үйлестіруге ұмтылады. Осы тұрғыдан алғанда «әт-Таузих» еңбегі классикалық ханафи усул мектебі мен кейінгі рационалдық-логикалық бағыттың ғылыми синтезі ретінде бағаланады.

«Әт-Таузих» еңбегінде усул әл-фикһ ғылымының негізгі теориялық мәселелері кеңінен қарастырылады. Ғалым құқықтық үкімдерді анықтауда қолданылатын дәлелдердің табиғатын және олардың өзара байланысын түсіндіруге ерекше көңіл бөледі.

Еңбекте ең алдымен шариғи дәлелдердің негізгі түрлері талданады. Олардың қатарында Құран, сүннет, ижма және қияс сияқты құқықтық дәлелдер қарастырылады. Автор әрбір дәлелдің құқықтық маңызын түсіндіріп, олардың қолданылу шарттарын жүйелі түрде талдайды.

Бұл еңбекте мәтінді түсіндіру мәселесіне де ерекше назар аударылған. Мұнда араб тілінің грамматикалық және риторикалық ерекшеліктері құқықтық үкімдерді дұрыс түсінуде маңызды рөл атқаратыны көрсетіледі.

Ғалым құқықтық мәселелерді талқылау барысында әртүрлі ғалымдардың пікірлерін салыстырып, олардың дәлелдерін талдайды. Мұндай салыстырмалы ғылыми әдіс ислам құқықтық теориясының дамуына елеулі ықпал еткен.

Осы тұрғыдан алғанда «әт-Таузих» тек түсіндірме еңбек ғана емес, усул әл-фихһ ғылымындағы ғылыми пікірталастарды қамтитын терең теориялық зерттеу.

Еңбектің кіріспе бөлімінде автор кітапты жазудағы негізгі мақсатын түсіндіреді. Ол «әт-Танқих» еңбегінің ықшам әрі күрделі мәтін екенін атап өтіп, оның кейбір тұстары қосымша түсіндіруді қажет ететінін көрсетеді.

Сондықтан «әт-Таузих» еңбегі «әт-Танқихтағы» күрделі және түсініксіз мәселелерді кеңінен түсіндіру мақсатында жазылған. Автор бұл еңбекте ғылыми дәлдік пен жүйелілік қағидаларын ұстануға ерекше мән береді.

Кітаптың негізгі бөлімінде усул әл-фихһ ғылымындағы маңызды теориялық мәселелер жан-жақты талданады. Автор әрбір тақырыпты қарастыру барысында бірнеше кезеңнен тұратын ғылыми әдісті қолданады:

- 1) қарастырылатын мәселенің анықтамасын беру;
- 2) бұрынғы ғалымдардың пікірлерін келтіру;
- 3) олардың дәлелдерін талдау;
- 4) автордың қорытынды пікірін білдіру.

Бұл әдіс ғылыми пікірталасты жүйелі түрде жүргізуге мүмкіндік береді. Негізінде автор күрделі теориялық ұғымдарды түсіндіру үшін логикалық талдау тәсілдерін қолданған.

Еңбектің соңғы бөлімдерінде автор құқықтық теорияның кейбір маңызды қағидаларын қорытындылап, құқықтық үкімдерді анықтау әдістері мен дәлелдерді қолдану тәртібін түсіндіреді. Сондай-ақ құқықтық пікірталастардың ғылыми негіздері қарастырылады.

Ғалым усул әл-фихһ ғылымының шарият үкімдерін дұрыс түсінудегі маңызын ерекше атап көрсетіп, құқықтық мәселелерді шешуде жүйелі ғылыми әдіс қолданудың қажеттілігін негіздейді [8; 10-45].

«Әт-Таузих» еңбегінің ғылыми құндылығы оның теориялық тереңдігі мен әдіснамалық жүйелілігінде көрінеді. Садр аш-Шариға өзіне дейінгі ғалымдардың еңбектерін тек қайталап ғана қоймай, оларды сыни тұрғыдан талдап, жаңа ғылыми түсіндірулер ұсынады.

Ғалымның маңызды әдіснамалық ерекшеліктерінің бірі — құқықтық теорияны логикалық талдау тәсілі арқылы жүйелеуі. Бұл тәсіл ислам құқықтық ғылымында рационалдық ғылыми әдістердің дамуына ықпал етті.

Сондай-ақ автор әртүрлі құқықтық мектептердің пікірлерін салыстырып, олардың арасындағы айырмашылықтарды талдайды. Мұндай салыстырмалы талдау ислам құқықтық ғылымындағы ғылыми пікірталастардың дамуына әсер етті [9; 5-60].

Еңбектің ислам құқығы іліміндегі рөлі

«Әт-Таузих фи халли ғавамид әт-Танқих» усул әл-фихһ (ислам құқығы әдіснамасы) ғылымында күрделі мәселелерді түсіндіру, құқықтық теорияның негізгі қағидаларын жүйелеу мақсатында жазылған. Ғылыми мазмұны мен әдіснамалық ерекшеліктері арқылы еңбек ислам құқықтық ғылымының дамуына айтарлықтай ықпал етіп, ханафи мәзһабының оқу дәстүрінде маңызды орын алған.

«Әт-Таузих» ханафи құқықтық мектебінде усул әл-фихһ саласындағы негізгі еңбектердің бірі ретінде кеңінен пайдаланылған. Еңбек құқықтық теорияның негізгі ұғымдарын түсіндіруде маңызды құрал болған. Ханафи ғалымдары құқықтық мәселелерді талқылау барысында бұл еңбектің әдіснамалық қағидаларына жиі сүйенген. Автор құқықтық дәлелдердің түрлері, шариғи үкімдердің негіздері, мәтіндерді түсіндіру әдістері және ижтиһад мәселелерін жан-жақты қарастырған.

Садр аш-Шариға өз зерттеуінде ханафи құқықтық мектептің классикалық дәстүрін сақтап, логикалық және теориялық талдау әдістерін қолданған. Бұл тәсіл құқықтық теорияның ғылыми деңгейін көтеріп, ислам құқықтық ғылымының дамуына елеулі үлес қосқан. Осы себептен еңбек ханафи мәзһабының усул ғылымындағы негізгі оқу құралдарының бірі болып саналады.

Орта ғасырларда ислам әлеміндегі медреселерде құқықтық ғылымдарды оқыту белгілі бір жүйеге сүйенген. Усул әл-фихһ пәнінде негізгі мәтіндер мен олардың түсіндірмелері негізгі құрал ретінде қолданылған. Солардың қатарында «әт-Танқих» және оның түсіндірмесі «әт-Таузих» маңызды оқу материалдары ретінде оқытылған.

Бұл еңбек Орта Азия, Осман мемлекеті және Үндістан аймақтарындағы медреселерде кеңінен қолданылған. Студенттер алдымен «әт-Танқих» мәтінін меңгеріп, кейін «әт-Таузих» арқылы оның мазмұнын терең түсінген. Кейін Сағдуддин әт-Тафтазани «әт-Тәлуих» атты түсіндірме жазып, оны да

медреселік оқу бағдарламасына енгізді. Осы үш еңбек («эт-Танқих», «эт-Таузих», «эт-Тәлуих») бірге оқытылып, усул әл-фиқһ ғылымын меңгерудің негізгі кезеңдерін құраған.

Классикалық ислам ғалымдары Садр аш-Шариғаның еңбектерін жоғары бағалаған. Олар «эт-Таузих» еңбегін усул әл-фиқһ ғылымындағы маңызды теориялық зерттеу ретінде қарастырған. Ғалымның құқықтық мәселелерді талдау әдісі мен ғылыми жүйелілігі көптеген кейінгі зерттеушілерге үлгі болған. Кейбір классикалық авторлар еңбекті ханафи құқықтық мектебінің ғылыми дәстүрін жаңа деңгейде жүйелеген еңбек ретінде сипаттаған. Әсіресе логикалық талдау әдісінің қолданылуы ислам құқықтық теориясының дамуына маңызды ықпал еткен.

Қазіргі заманауи зерттеушілер де Садр аш-Шариғаның ғылыми мұрасына үлкен қызығушылық танытады. Олар оның еңбектерін ислам құқықтық теориясының дамуын зерттеуде негізгі дереккөз ретінде қарастырады. Заманауи зерттеулерде «эт-Таузих» тек фиқһ ғылымы тұрғысынан ғана емес, ислам философиясы, логика және интеллектуалдық тарих контекстінде де талдануда. Бұл оның ғылыми мұрасының жан-жақты әрі терең екенін көрсетеді [10; 150-175].

«Эт-Таузих» фиқһ әдістемесі ғана емес, ол интеллектуалды полемиканың үлгісі ретінде танылды. Мұнда ғалым диалектикалық әдісті қолданады. Ол қарсы тараптың (көбіне Шафиғи мектебінің немесе муғтазилиттердің) аргументін келтіріп, оны логикалық талдау арқылы теріске шығарады. Мәтіндерді түсіндіруде сөздердің семантикасын, метафора мен шындық (хақиқат пен мажаз) арасындағы философиялық шекараларды зерттейді.

Ғалымның ғылыми мұрасы және ықпалы

Ұбайдулла ибн Масғуд әл-Махбуби (Садр аш-Шариға ас-Сағир) ислам құқықтық ғылымының тарихында ерекше орын алатын көрнекті ғалымдардың бірі болып саналады. Оның ғылыми мұрасы фиқһ, усул әл-фиқһ, логика, тіл білімі және кәлам салаларын қамтиды. Ғалым еңбектері ислам құқықтық теориясының дамуына елеулі ықпал етіп, кейінгі ғасырларда медреселік білім беру жүйесінде кеңінен қолданылған.

Садр аш-Шариғаның шығармалары ханафи құқықтық мектебінің теориялық негіздерін жүйелеуге және құқықтық дәлелдерді талдауға бағытталған. Оның еңбектеріндегі логикалық құрылым мен аналитикалық тәсілдер ислам құқықтық ойының теориялық дамуына маңызды үлес қосқан.

Ғалымның ғылыми қызметінің маңызды бағыты — шәкірт тәрбиелеу болды. Бұхара аймағында дәріс оқып, көптеген шәкірттердің ғылыми қалыптасуына ықпал еткен. Шәкірттерінің арасында Мұхаммед ибн Мубаракшах әл-Мантиқи сияқты танымал ғалымдар бар. Олар ұстазының ғылыми әдісін жалғастырып, фиқһ және усул әл-фиқһ саласында жаңа еңбектер жазды.

Садр аш-Шариғаның шығармалары көптеген кейінгі ғалымдардың зерттеулеріне негіз болды. Оған түсіндірмелер мен ескертпелер жазылып, құқықтық теорияның дамуына ықпал етті. Мысалы, Сағдуддин әт-Тафтазани «эт-Тәлуих» атты түсіндірмесін жазып, оны медреселерде оқытуға енгізген. Бұл ғылыми дәстүрдің жалғасуын қамтамасыз етті.

Садр аш-Шариға ас-Сағир ханафи құқықтық мектебінің усул әл-фиқһ ғылымын дамытуға елеулі үлес қосқан. Оның «эт-Танқих фи усул әл-фиқһ» және «эт-Таузих фи халли ғавамид әт-Танқих» еңбектері ханафи құқықтық теориясының негізгі мәтіндеріне жатады.

Осы еңбектерде ғалым құқықтық дәлелдердің табиғатын, шариғи үкімдердің негіздерін, мәтіндерді түсіндіру әдістерін жүйелі түрде талдаған. Сондай-ақ, ол бұрынғы ғалымдардың еңбектерін салыстыра отырып, құқықтық теорияны логикалық және аналитикалық тұрғыдан дамытқан. Ғалымның әдісі ханафи дәстүрін сақтай отырып, рационалдық талдау тәсілдерін енгізуімен ерекшеленеді. Нәтижесінде, ханафи усул ғылымының теориялық негіздері тереңдетілді [11; 78-105].

Бүгінгі күні «эт-Таузих фи халли ғавамид әт-Танқих» ислам құқықтық ғылымының тарихын зерттеуде маңызды дереккөз ретінде қарастырылады. Бұл еңбек усул әл-фиқһ ғылымының дамуын және ханафи құқықтық мектебінің теориялық ерекшеліктерін түсінуде құнды материал.

Қазіргі зерттеушілер Садр аш-Шариғаның шығармаларын ислам құқықтық ойының эволюциясын зерттеу үшін пайдаланады. Ғалымның мұрасы тек фиқһ тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар ислам философиясы, логика және интеллектуалдық тарих салаларында да зерттелуде. Еңбектері қайта басылып, ғылыми зерттеулер мен диссертациялық жұмыстарда кеңінен қолданылады [12; 12-30].

Нәтижелері

Зерттеу барысында Ұбайдулла ибн Масғуд әл-Махбуби, яғни Садр аш-Шариға ас-Сағир, XIV ғасырдағы ханафи-матуриди ғылыми дәстүрінің көрнекті өкілі екені анықталды. Оның ғылыми тұлғасы Бұхарадағы интеллектуалдық ортада қалыптасып, фикһ, усул әл-фикһ, кәлам, логика және тіл білімі сияқты бірнеше ғылым саласын қамтыған.

Зерттеу нәтижесінде ғалымның негізгі еңбектері қатарында «әт-Танқих», «әт-Таузих фи халли ғавамид әт-Танқих», «Шарх әл-Уикая», «ән-Нуқая» және «Таъдил әл-улум» шығармалары ерекше орын алатыны айқындалды. Әсіресе «әт-Танқих» пен «әт-Таузих» усул әл-фикһ ғылымының теориялық мәселелерін жүйелеуге арналған маңызды еңбектер ретінде танылды.

«Әт-Таузих» еңбегі автордың «әт-Танқих» атты ықшам мәтініне жазылған кең түсіндірме екені анықталды. Бұл шығармада шариғи дәлелдер, Құран мен сүннеттің құқықтық орны, ижма, қияс, ижтиһад, шариғи үкімдер және мәтінді түсіндіру әдістері жан-жақты қарастырылған. Автор күрделі құқықтық-теориялық мәселелерді логикалық талдау арқылы түсіндіріп, ханафи құқықтық әдіснамасын жүйелі түрде баяндаған.

Зерттеу нәтижелері «әт-Таузих» еңбегінің тек түсіндірме сипатындағы еңбек емес, ислам құқықтық теориясындағы күрделі мәселелерді талдаған дербес ғылыми шығарма екенін көрсетті. Садр аш-Шариға бұл еңбекте бұрынғы ғалымдардың көзқарастарын салыстырып, олардың дәлелдерін талдап, өз тұжырымдарын жүйелі түрде ұсынған.

Сонымен қатар «әт-Таузих» еңбегінің діни білім беру жүйесінде ұзақ уақыт бойы негізгі оқу мәтіндерінің бірі ретінде қолданылғаны анықталды. Бұл еңбек Орта Азия, Осман мемлекеті және Үндістан аймақтарындағы ханафи медреселерінде усул әл-фикһ пәнін оқытуда маңызды орын алған. Кейін Сағдуддин әт-Тафтазани тарапынан жазылған «әт-Тәлуих» түсіндірмесі бұл еңбектің ғылыми беделін одан әрі арттырған.

Жалпы зерттеу нәтижелері Ұбайдулла ибн Масғуд әл-Махбубидің ислам құқықтық ғылымының дамуына, әсіресе ханафи усул әл-фикһ дәстүрінің теориялық тұрғыдан жүйеленуіне елеулі үлес қосқанын көрсетті.

Талқылау

Алынған нәтижелер Садр аш-Шариға ас-Сағирдің ғылыми мұрасын тек ханафи фикһы шеңберінде ғана емес, ислам интеллектуалдық тарихы аясында да қарастыру қажеттігін көрсетеді. Оның еңбектерінде фикһ, усул әл-фикһ, кәлам және логика ғылымдарының өзара байланысы айқын байқалады. Бұл ерекшелік ғалымның ортағасырлық ислам ғылымындағы энциклопедист тұлға болғанын дәлелдейді.

«Әт-Таузих» еңбегінің басты ерекшелігі — құқықтық мәселелерді тек мазһабтық пікірлер деңгейінде баяндаумен шектелмей, оларды теориялық және логикалық тұрғыдан негіздеуде. Автор құқықтық дәлелдердің мәнін, мәтіндерді түсіндіру әдістерін және ижтиһад қағидаларын талдай отырып, ханафи құқықтық мектебінің әдіснамалық негіздерін тереңдеткен. Бұл ислам құқықтық ойының рационалдық сипатта дамуына ықпал еткен маңызды қадам болды.

Зерттеу барысында «әт-Таузих» еңбегінің ханафи дәстүрі мен кейінгі логикалық-теориялық бағытты ұштастырғаны байқалды. Садр аш-Шариға Әли әл-Бәздауи, Фахр әд-Дин ар-Рази және Ибн әл-Хажиб сияқты ғалымдардың еңбектеріндегі әдістерді салыстыра отырып, ханафи усул ғылымын жаңа ғылыми деңгейде жүйелеуге ұмтылған. Сондықтан бұл еңбек классикалық құқықтық дәстүр мен рационалдық талдаудың тоғысқан нүктесі ретінде бағалануы мүмкін.

«Әт-Таузихтің» медреселерде кеңінен оқытылуы оның ғылыми және педагогикалық маңызын көрсетеді. Бұл еңбек студенттерге усул әл-фикһ ғылымының күрделі мәселелерін түсіндіруде негізгі құрал ретінде қолданылған. Ал «әт-Танқих», «әт-Таузих» және «әт-Тәлуих» еңбектерінің бірге оқытылуы ислам құқықтық білім беру жүйесінде белгілі бір ғылыми сабақтастықтың қалыптасқанын дәлелдейді.

Сонымен бірге Садр аш-Шариғаның еңбектері кейінгі ғалымдар үшін ғылыми пікірталас алаңына айналды. Оған жазылған түсіндірмелер мен хашиялар бұл шығармалардың ислам құқықтық теориясындағы ықпалы ұзақ уақыт сақталғанын көрсетеді. Бұл жағдай «әт-Таузих» еңбегінің тек өз дәуірінде ғана емес, кейінгі ғасырларда да ғылыми маңызға ие болғанын дәлелдейді.

Осы тұрғыдан алғанда, Ұбайдулла ибн Масғуд әл-Махбубидің «әт-Таузих фи халли ғавамид әт-Танқих» еңбегі ислам құқықтық ғылымында теориялық жүйелеу, құқықтық дәлелдерді талдау және діни білім беру дәстүрін қалыптастыру тұрғысынан маңызды рөл атқарған. Еңбек ханафи усул әл-

фиқһының дамуына ғана емес, жалпы ислам құқықтық ойының тереңдеуіне де ықпал еткен құнды ғылыми мұра.

Қорытынды

Ұбайдулла ибн Масғуд әл-Махбуби (Садр аш-Шариға ас-Сағир) XIV ғасырдағы ханафи құқықтық мектебінің көрнекті ғалымдарының бірі ретінде ислам құқықтық ғылымының дамуына айрықша үлес қосқан тұлға. Оның ғылыми мұрасы фиқһ, усул әл-фиқһ, логика, тіл білімі және кәлам салаларын қамтып, ислам құқықтық теориясының теориялық және практикалық негіздерін қалыптастыруда маңызды рөл атқарды.

Ғалымның шығармалары, оның ішінде «әт-Танких фи усул әл-фиқһ», «әт-Таузиһ фи халли ғавамид әт-Танких», «Шарх әл-Уикая» және «ән-Нукая», ханафи құқықтық мектебінің теориялық мәселелерін жүйелі және логикалық тұрғыдан түсіндіруімен ерекшеленеді. Әсіресе «әт-Таузиһ» еңбегі қысқа әрі ықшам «әт-Танких» мәтінін жан-жақты түсіндіру арқылы усул әл-фиқһ ғылымында маңызды теориялық зерттеу ретінде бағаланды. Бұл еңбек құқықтық дәлелдер, шариғи үкімдерді анықтау әдістері, мәтіндік талдау және құқықтық қағидаларды жүйелеу мәселелерін терең және аналитикалық тұрғыдан қарастырады.

Ғалымның ғылыми әдісі логикалық және салыстырмалы талдауға негізделген, бұл ханафи құқықтық мектебінің дәстүрлі қағидаларын сақтай отырып, құқықтық теорияны рационалдық және ғылыми тұрғыдан тереңдетуге мүмкіндік береді. Атап айтсақ, Садр аш-Шариға шәкірт тәрбиелеу арқылы өзінің ғылыми дәстүрін жалғастырып, ислам құқықтық ойының дамуына ықпал етті. Шәкірттері мен кейінгі ғалымдар оның еңбектерін медреселерде оқытып, түсіндірмелер мен хашиялар жазу арқылы ғылыми мұрасының таралуын қамтамасыз етті.

Бүгінгі күні «әт-Таузиһ фи халли ғавамид әт-Танких» және басқа да еңбектері ислам құқықтық теориясының тарихи дамуын зерттеуде, ханафи усул ғылымының әдіснамалық негіздерін түсінуде және медреселік білім беру жүйесінде негізгі дереккөз ретінде қолданылады. Садр аш-Шариға ас-Сағирдің шығармалары ислам құқықтық ойының логикалық және аналитикалық дамуына елеулі ықпал етіп, оның интеллектуалдық мұрасы қазіргі зерттеулер мен академиялық талдауларда да өзектілігін сақтап отыр.

Ұбайдулла ибн Масғудтың философиялық ұстанымын «Рационалды матуридизм» деп атауға болады. Ол философияны дінге қарсы қоймай, оны діни қағидаларды тереңірек түсіну мен жүйелеудің құралы (инструменті) ретінде шебер қолдана білді. Оның «Тағдил әл-Улум» еңбегі логика, кәлам және грек философиясының мәселелерін терең талқылайтын сирек туындылардың бірі болды.

Ұбайдулла ибн Масғуд әл-Махбуби ислам құқықтық ғылымында теориялық және практикалық тұрғыдан маңызды рөл атқарған, шәкірт тәрбиелеу мен логикалық талдау арқылы ханафи құқықтық мектептің дамуына айрықша үлес қосқан ғалым ретінде тарихта мәңгі есте қалатыны айқын.

Әдебиеттер тізімі

1. Зирикли Х. Әл-Ағлам: Камус тараджим ли ашхар ар-риджал ва ан-ниса мин аль-араб ва аль-муста'рабин ва аль-мустаһриккин / Х. Зирикли. — Бейрут: Дар әл-Илм лиль-Малайин, 2002. — Т. 4. — Б. 197.
2. Хажі Халифа (Кятиб Челеби). Кашф әз-зунун 'ан асами әл-кутуб ва әл-фунун. / Хажі Халифа (Кятиб Челеби). — Бейрут: Дар әл-Кутуб әл-Илмия, 1992. — Т. 1. — Б. 498.
3. Türkiye Diyanet Vakfı. İslâm Ansiklopedisi (DİA) / Türkiye Diyanet Vakfı. — İstanbul: TDV Yayınları, 2008. — С. 35. — S. 122–130.
4. Мұхаммед Низар Тамим. Түсіндірмелі зерттеулер: «Әт-Таузиһ» және оның түсіндірмелері / Мұхаммед Низар Тамим. — Дамаск: Дар әл-Фикр. — Б. 8–50.
5. Ұбайдулла ибн Масғуд әл-Махбуби. Шарх әл-Уикая / Ұбайдулла ибн Масғуд әл-Махбуби. — Стамбул: Сүлеймания кітапханасының қолжазбалар қоры. — Фолио 1–35.
6. Лакнауи А. Фәуәид әл-бахийя фи тараджим әл-ханафия / А. Лакнауи. — Бейрут: Дар әл-Кутуб әл-Илмия, 1998. — Б. 45–52.
7. Сағдуддин әт-Тафтазани. Әт-Талуих 'ала әт-Таузиһ / Сағдуддин әт-Тафтазани. — Бейрут: Дар әл-Кутуб әл-Илмия, 2001. — Б. 1–25.
8. Ұбайдулла ибн Масғуд әл-Махбуби. Әт-Танких фи усул әл-фиқһ / Ұбайдулла ибн Масғуд әл-Махбуби. — Каир: Дар ас-Салам, 1997. — Б. 10–45.

- 9 Ўбайдулла ибн Масғуд эл-Махбуби. Эт-Таузиҳ фи халли гавамид эт-Танқиҳ / Ўбайдулла ибн Масғуд эл-Махбуби. — Бейрут: Дар эл-Кутуб эл-Илмия, 2005. — Б. 5–60.
- 10 Hallaq W. A History of Islamic Legal Theories / W. Hallaq. — Cambridge: Cambridge University Press, 1997. — P. 150–175.
- 11 Kamali M. Principles of Islamic Jurisprudence / M. Kamali. — Cambridge: Islamic Texts Society, 2003. — P. 78–105.
- 12 Эл-Хасанат М.А. Фикһ тарихында Садруш-шария / М.А. Эл-Хасанат. — Бейрут: Дар эл-Кутуб эл-Илмия, 1998. — Б. 12–30.

Х.Т. Аманкулов, Н.Е. Кайрбеков, Н.Т. Утпинов

Научное наследие Убайдулла ибн Мас’уда и значение труда «ат-Таудиҳ фи халли гавамид ат-Танқиҳ» в исламской правовой теории

В данной статье исследуется философско-правовое наследие Садра аш-Шари’а ас-Сагира — Убайдуллы ибн Мас’уда аль-Махбуби аль-Бухари, одного из выдающихся представителей мусульманской мысли Центральной Азии XIV века и авторитетного учёного ханафитской правовой школы. Основная цель исследования — определить вклад учёного в развитие философии исламского права и науки усуль аль-фикх, особенно проанализировать содержание рационально-логических методов, применённых в его труде «Ат-Таузиҳ фи халли гавамид ат-Танқиҳ». В статье научное мировоззрение Садра аш-Шари’а рассматривается на основе взаимосвязи исламской правовой мысли, калама и рациональной философии. В ходе исследования представлены сведения об историко-культурной среде, в которой жил учёный, его научной школе, учителях и учениках, а также проанализированы вопросы логики, калама, теории познания и правовой методологии в его трудах. Особое внимание уделено тому, что в произведениях «Ат-Танқиҳ» и «Ат-Таузиҳ» широко используются элементы логики, методы доказательства, систематизация понятий и методы рационального анализа. Учёный, опираясь на систему логического мышления при объяснении правовых вопросов, стремился философски обосновать структуру правовых доказательств. Кроме того, в статье рассматривается связь Садра аш-Шари’а с наукой аль-фикх. Показано, что в его трудах нашли отражение такие исламские теолого-философские вопросы, как соотношение разума и откровения, познавательные основы шариатских предписаний, свобода и ответственность человеческих действий. Учёный придавал особое значение гармонии разума и предания при толковании шариатских текстов, способствуя развитию рационализма в теории исламского права. Это ясно демонстрирует преемственность философии права и традиции исламского рационального мышления в его научном наследии. В результате исследования установлено, что труд «Ат-Таузиҳ» является одним из важнейших теоретических и философских произведений в науке усуль аль-фикх. Данный труд оценивается как значимое научное наследие, оказавшее существенное влияние на развитие культуры логического анализа в исламской правовой мысли, совершенствование методов интерпретации правовых текстов, а также на внедрение каламических и рационалистических методов в теорию права.

Ключевые слова: философия исламского права, ханафитский мазхаб, усуль аль-фикх, Садра аш-Шариа, ат-Танқиҳ, ат-Таузиҳ, исламская правовая теория, медресе, ханафитская правовая школа.

Kh.T. Amankulov, N.E. Kairbekov, N.T. Utpinov

The Scholarly Legacy of Ubayd Allah ibn Mas’ud and the Significance of “al-Tawdih fi Halli Ghawamid al-Tanqih” in Islamic Legal Theory

This article examines the philosophical and legal legacy of Sadr al-Shari’a al-Saghir – Ubaydullah ibn Mas’ud al-Mahbubi al-Bukhari, one of the prominent representatives of fourteenth-century Central Asian Muslim thought and an authoritative scholar of the Hanafi school of law. The main objective of the study is to identify the scholar’s contribution to the development of Islamic legal philosophy and the science of *usul al-fiqh*, with particular attention to the analysis of the rational and logical methods employed in his work *At-Tawdih fi Halli Ghawamid at-Tanqih*. The article considers Sadr al-Shari’a’s scholarly worldview through the interrelationship of Islamic legal thought, *kalam* theology, and rational philosophy. The study provides information about the historical and cultural environment in which the scholar lived, his scholarly school, teachers, and students, and analyzes issues of logic, *kalam*, epistemology, and legal methodology found in his works. Particular attention is given to the extensive use of logical elements, methods of argumentation, systematization of concepts, and rational analytical approaches in *At-Tanqih* and *At-Tawdih*. In explaining legal issues, the scholar relied on a system of logical reasoning and sought to provide a philosophical foundation for the structure of legal proofs. In addition, the article examines Sadr al-Shari’a’s connection with the science of *kalam*. It demonstrates that his works address such Islamic theological and philosophical issues as the relationship between reason and revelation, the epistemological foundations of Sharia rulings, and the free-

dom and responsibility of human actions. The scholar placed particular emphasis on the harmony between reason and transmitted sources in the interpretation of Sharia texts, thereby contributing to the development of rationalism in Islamic legal theory. This clearly reflects the continuity between legal philosophy and the tradition of Islamic rational thought in his scholarly heritage. The study concludes that *At-Tawdih* is one of the most important theoretical and philosophical works in the science of *usul al-fiqh*. The work is regarded as a significant scholarly legacy that had a substantial impact on the development of logical analysis within Islamic legal thought, the refinement of methods for interpreting legal texts, and the incorporation of *kalam* and rationalist approaches into legal theory.

Keywords: Islamic legal philosophy, Hanafi school, *usul al-fiqh*, *Sadr al-Shari'a*, *al-Tanqih*, *al-Tawdih*, Islamic legal theory, madrasa education, Hanafi jurisprudence.

References

- 1 Zirikli, H. (2002). *Al-Aglam: Kamus taradzhim li ashkhar ar-ridzhal va an-nisa min al-arab va al-mustarabin va al-mustashrikin* [The Eminent: A Biographical Dictionary of the Most Famous Men and Women among the Arabs, the Arabized, and the Orientalists]. Vol. 4. Beirut: Dar al-Ilm lil-Malain [in Arabic].
- 2 Halifa, Haji (Katib Chelebi). (1992). *Kashf az-zunun an asami al-kutub va al-funun* [The Discovery of Doubts concerning the Names of Books and Sciences]. Vol. 1. Beirut: Dar al-Kutub al-Ilmiia [in Arabic].
- 3 Türkiye Diyanet Vakfı. (2008). *Islam Ansiklopedisi (DIA)* [Encyclopedia of Islam]. Vol. 35. Istanbul: TDV Yayinlari [in Turkish].
- 4 Tamim, Muhammed Nizar. (n.d.). *Tusindirmeli zertteuler: «At-Tauzikh» zhane onyn tusindirmeleri* [Explanatory research: «Al-Tawdih» and its commentaries]. Damask: Dar al-Fikr [in Arabic].
- 5 Ubaidulla, ibn Masgud al-Mahbubi. (n.d.). *Sharkh al-Uikaia* [Commentary on Al-Wiqayah]. Istanbul: Suleimaniia kitapkhanasynyn kolzhazbalar kory [in Arabic].
- 6 Laknau, A. (1998). *Fauaid al-bakhiiia fi taradzhim al-khanafiia* [The Radiant Benefits regarding the Biographies of the Hanafis]. Beirut: Dar al-Kutub al-Ilmiia [in Arabic].
- 7 Sagduddin, at-Taftazani. (2001). *At-Taluiikh ala at-Tauzikh* [The Elucidation upon Al-Tawdih]. Beirut: Dar al-Kutub al-Ilmiia [in Arabic].
- 8 Ubaidulla, ibn Masgud al-Mahbubi. (1997). *At-Tankiikh fi usul al-fikh* [The Revision of the Principles of Jurisprudence]. Kair: Dar as-Salam [in Arabic].
- 9 Ubaidulla, ibn Masgud al-Mahbubi. (2005). *At-Tauzikh fi khalli gavamid at-Tankiikh* [The Clarification in solving the obscurities of Al-Tanqih]. Beirut: Dar al-Kutub al-Ilmiia [in Arabic].
- 10 Hallaq, W (1997). *A History of Islamic Legal Theories*. Cambridge University Press.
- 11 Kamali, M. (2003). *Principles of Islamic Jurisprudence*. Islamic Texts Society.
- 12 Al-Hasanat, M.A. (1998). *Fikh tarikhynda Sadrush-shariia* [Sadr al-Sharia in the history of Fiqh]. Beirut: Dar al-Kutub al-Ilmiia [in Arabic].

Авторлар туралы мәліметтер

Аманкулов Хасан — Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты, Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0004-8843-0917>

Кайрбеков Нурлан — PhD, қауымдастырылғын профессор, дінтану кафедрасының доценті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0002-5828-5777>

Утпинов Наурызбай — PhD, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0007-6122-6192>

Information about the authors

Amankulov Khassan — Doctoral student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0004-8843-0917>

Kairbekov Nurlan — PhD, Associate Professor, Department of Religious Studies, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0002-5828-5777>

Utpinov Nauryzbay — PhD, Nur-Mubarak Egyptian University of Islamic Culture, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0007-6122-6192>